Түркістан қаласының және бірқатар ауылдық округтерінің әкімшілік шекараларын өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 19 шілдедегі N 34/387-III шешімі және Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімиятының 2007 жылғы 23 шілдедегі N 224 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментінде 2007 жылы 27 шілдеде N 1961 тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 108-бабына , Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімі, Түркістан қалалық мәслихаты мен әкімдігінің ұсыныстары негізінде Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШТІ және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі Қ А У Л Ы Е Т Т І :

1. Түркістан қаласының әкімшілік шекарасына Қарашық, Ораңғай Шаға, Иассы ауылдық округтерінің жерінен жалпы алаңы 14168,0 га қосылуымен қосымшаға сәйкес Түркістан қаласы мен аталған ауылдық округтерінің шекаралары өзгертілсін.

2. Шорнақ, Жүйнек, Жаңа Иқан, Ескі Иқан, Үшқайық, Сауран, Бабай-Қорған, Қарашық, Ораңғай, Шаға, Иассы ауылдық округтерінің Түркістан қаласына әкімшілік бағыныстылығы сақталынсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т сессиясының төрағасы

Облыс әкімі

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК